

Көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Боралдай ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 11 ақпандағы № 05 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 ақпанда № 5417 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Түркістан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Бәйдібек ауданы әкімдігінің Боралдай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Боралдай ауылдық округіне қарасты елді мекендердегі атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Боралдай елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге – "Шымкент" атауы;
- 2) Жыланды елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге- "Тәуелсіздік" атауы;
- 3) Сарыбұлақ елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге- "Ұлыдала" атауы;
- 4) Сарыбұлақ елді мекеніндегі атауы жоқ № 2 көшеге- "Ұлытау" атауы;
- 5) Талап елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге- "Ынтымақ" атауы;
- 6) Теректі елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге "Ақшоқы" атауы;
- 7) Қаратас елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге "Қаратау" атауы.

2. "Боралдай ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Бәйдібек ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ